

* Кіріспе:

Еңбек гигиенасы - еңбек жағдайларының гигиеналық әсерлерін, және жұмыскерлердің жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығына әсерін, сонымен қатар еңбек жағдайларының жағымсыз әсерлерін ескертудің тәжірибелік шараларын және ғылыми негіздерін өңдейтін ғылым. Еңбек гигиенасының негізгі мазмұны болып созылмалы сырқаттардың үдеуін, жұмыскерлердің еңбек ету жағдайында жарақаттанулар мен олардың асқынуларын, жарақаттану және сырқаттарды медициналық алдын-алу болып табылады.

- * Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жарияланған. Мемлекет адамның өмірі мен денсаулығының ең жоғарғы құндылық екенін танып отыр. Қоғамдық өмірдің қандай саласында болмасын, адамның өмір сүруге және денсаулыққа құқығы мемлекет тарапынан қорғауға алынған. Конституцияның 24-бабының 2-бөлігіне сәйкес әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талптарына сай еңбек ету жағдайларына құқығы бар. Аталған норма қызметкердің еңбегінің қорғалатынын жариялап, оған кепілдік беріп отыр.
- * Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заңының 7-бабы 1-бөлігінің 3-тармағына сәйкес, қызметкердің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқығы бар. Бұл құқықты Қазақстан Республикасының «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» Заңы да жариялап отыр. Яғни, аталған заңның 17-бабының 1-тармақшасына сәйкес, қызметкердің еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға құқығы бар делінген.
- * Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары Қазақстан Республикасының «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» Заңының 6-бабында көрініс тапқан (бұл қағидаларды біз алдыңғы бөлімде атап өттік). Ескерте кететін бір жайт, аталған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары сәйкес мемлекеттік органдардың заңшығарушылық қызметінде өзінің тиісті бейнесін таппады.
- * Еңбекті қорғау туралы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі мәселені шешкенде кешенді амалдар қолдану қажет. Яғни, мемлекеттік бағдарламалар базасында еңбекті қорғау мәселелерін кешенді түрде шешу секілді еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидасы жүзеге асатындай қызмет етуі керек.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕҢБЕК ГИГИЕНАСЫ БОЙЫНША ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ НОМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ

- * Өндірісте сау және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау мақсатымен заңдылық, құқықтық, техникалық, экономикалық және ұйымдастырушылық шараларын реттеуші көптеген құжаттар дәрістеелген.
- * Маңызды заңдылық құжаттарының бірі болып 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы саналады. Оның 24 тармағына сәйкес азамат ерікті еңбегіне, қызмет пен мамандықты ерікті таңдауына, қауіпсіз және гигиенаның талаптарына сай келетін еңбек жағдайына және демалысына құқысы бар, ал 29 тармағына сәйкес - денсаулығын қорғауына құқысы бар.
- * ҚР Конституциясының 31 тармағы қоршаған ортаны қорғау, оны адамның жағымды тіршілігі мен денсаулығы үшін сақтау жағымды мақсатын қояды.

*Қазақстанда мемлекеттік санитарлық қадағалау саласындағы маңызды құжат болып 4.12.2002 ж. қабылданған «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы туралы» ҚР заңы саналыд. Осы заң Қазақстан Республикасында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығын қамтамасыз етуші құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын белгілейді (1,2 қосымшалары).

* Енді біз еңбекті қорғауына және гигиенасына қатысты тармақтарына тоқтаймыз. Медициналық қараудан өту міндеттілігі. Тұрғындардың денсаулығын қорғау, кәсіптік аурулар мен уланулардың, бақытсыз оқиғалардың алдын алу, еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың жұмысшылары және азаматтар жұмысқа түсуінде алдын алу және мезгілдік және арнаулы медициналық тексерістен етеді, өнеркәсіптік кәсіпорындарды жобалауына, салуына және пайдалануына қойылатын санитарлық талаптарды белгілейді. Жасалған жобалар Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметіне келәсімдеуіне берілуі тиісті және олар бөлмелерді, ғимараттарды, құрылымдарды, жабдықтарды, көлік құралдарын жобалауына, ұстауына және пайдалануына қойылатын санитарлық талаптарға сай келуі керек, атқаратын жұмысы зиянды заттарымен, қолайсыз өндірістік факторларымен және процесстермен байланысты жұмысшыларды, мамандарды, басшыларды кәсіптік гигиеналық дайындауын реттейді, келтірілген нұқсаның және емдеу-профилактикалық және санитарлық-эпидемиологиялық мекемелеріндегі қосымша шығындарын қайтару тәртібін белгілейді.

- * Қазақстан Республикасының «О безопасности и охране труда»
4.02.2004 ж

- * . Заңының 1 тармағы еңбекті қорғау, сәйкесті заңдылық және басқа нормативтік актілерінің негізінде жүргізуші, еңбек процессінде адамның қауіпсіздігін, денсаулығын және іскерлігін сақтауын қамтамасыз етуші әлеуметтік-экономикалық, гигиеналық және емдеу-профилактикалық шаралары мен құралдарының жүйесі болып табылатындығын анықтайды.

- * 4 тармағында еңбекті қорғау саласындағы ұлттық саясаттың негізгі принциптері белгіленген, олардың бастылары мыналар: кәсіпорынның өндірістік ісінің нәтижелері бойынша жұмысшының өмірі мен денсаулығының басты болуы (приоритеттігі); еңбекті қорғау міндеттерін осы сұрақтар бойынша мемлекеттік бағдарламалар базасында және экономикалық және әлеуметтік саясатының басқа бағыттарындағы еңбекті қорғау саласындағы шараларды үйлестіру бойынша кешенді шешу; барлық кәсіпорындар үшін, меншіктік формасына байланссыз, еңбекті қорғау саласында біртұтас талаптарды белгілеу.

- * 17 тармағында әйелдердің және 18 жастан төмен жасөспірімдердің еңбектері реттелген.
- * 18 тармағы денсаулығы бойынша жұмыс істеуіне болмайтын жұмыстарға азаматтарды қабылдауға тиым салады, ал 19 тармағына сәйкес денсаулық сақтау органдарымен белгіленген тәртіпте, кәсіпорындар медициналық қарауларды ұйымдастыруына міндетті. Медициналық қараулардан өтпеген жұмысшылар жұмысқа жіберілмейді.

* ҚР «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының (15.07.97) әр ластаушы көз бойынша қоршаған ортаға ластаушы ластардың рұқсатталған - шектік шығарыстары мен жіберістерінің нормативтері белгіленген, және де шудың, дірілдің, магниттік өрістердің және басқа зиянды физикалық әсерлердің ШРД (шектік рұқсатталған деңгейлерінің) нормативтері белгіленген, табиғи ресурстарын падалануда қойылатын экологиялық талаптары белгіленген. (47 тар.), төтенше экологиялық жағдайларына және экологиялық апат аймақтарына арналған, қоршаған ортаны қорғау бойынша заңдылықты бұзумен келтірілген зияндылықты қайтару тәртібін анықтайды (86 тар)

- * Еңбекті қорғаудың құқықтық негіздері бөлімі бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:
- * 1. Қазақстан Республикасының заңнамасының әрбір адамға қауіпсіз еңбек жағдайына кепілдік берген. Қызметкердің тазалық пен гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқығын еліміздің ата заңы - Конституция, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» Заңы жариялап, өзге де нормативтік актілер мен заңға тәуелді деп тапқан.
- * 2. Заң актілерінен көрініс тауып отырған еңбекті қорғау саласындағы ережелер мен нормалар, өкінішке орай көбінесе декларативті сипатқа ие. Сондықтан, қазіргі таңда оларды қозғалысқа келтіретін «қозғаушы күш» керек.
- * 3. ХЕҰ деңгейінде қызметкерлердің еңбегін қорғауға қатысты бірқатар нормативтік құқықтық актілер жасалды. Қазақстан Республикасы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа бағытталғандықтан халықаралық құндылықтарды өз заңнамасына енгізуді жолға қоюы керек.

* ҚОРЫТЫНДЫ

- * «Адамды адам еткен - еңбек» демекші, адамзат тіршілігінің барысында еңбек оның тіршілігінің негізгі нысаны және дамуының басты механизмі болған және болуда. Адам өзінің саналы ғұмырын рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін еңбектенумен өткізеді. Қазіргі кезде еңбекке және оның негізгі элементі қызметкерге деген көзқарастың өзі мүлде өзгеруде. Еңбек пен денсаулық бір - бірімен тығыз байланысты, өйткені еңбектің негізгі мақсаты адамға игілікті жағдайлар жасау болып табылады. Еңбек қорғау дегеніміз- тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін, оның еңбек қабілеттілігін арттыруға, денсаулығын өндірістік ортаның әсерін қорғауға бағытталған мемлекет, кәсіподақтар, мекемелер, кооператив және қоғамдық бірлестіктермен бірігіп жасалатын ұйымдастыру- экономикалық, психологиялық, эстетикалық, емдеу - профилактикалық, құқықтық және тағы басқа да шаралардың жүйесі болып табылады.
- * Қоғамымызда мемлекет тарапынан ерекше қорғау мен қолдауды қажет ететін жекелеген санаттағы қызметкерлер бар. Олар өздерінің ағзасының физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты еңбек қызметін жалпы негіздерде атқара алмайды. Бұндай тұлғалардың еңбегін қорғауды қызметкерлердің бәріне бірдей қолданылатын жалпы нормалармен қатар, олардың ағзасының ерекшеліктерін ескеретін ерекше нормаларды белгілеу қажет.
- * Қоғамның әлеуметтік қорғалмаған топтарына, яғни әйелдер, жасөспірімдер және мүгедектерге қатысты жүргізіліп отырған мемлекеттің саясаты, олардың мүдделерін қорғау мақсатымен қабылдаған шаралары біздің қоғамымыздың адамгершілігінің, оның өркениетінің көрсеткіші болып табылады. Қазақстан Республикасының өзін әлеуметтік мемлекет ретінде бекітуі оның әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын анықтайды.